

ҚарМТУ – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің білім ордасы

ҚарМТУ студенттеріне арналған АНЫҚТАМАЛЫҚ-ЖОЛ КӨРСЕТКІШ



«...Мен саналы өмірімнің 20 жылын Қарағанды мен Теміртау қалаларында өткіздім. Қарағанды политехникалық институтында оқыдым...»

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

1. ҚарМТУ-да оқуды ұйымдастыру

1.1. Жалпы мәліметтер

ҚарМТУ – Қазақстанда және шетелде кеңінен танымал, көп бейінді оқу-білім және ғылыми кешені даму үстіндегі еліміздің өткен ғасырда іргесі қаланған беделді жоғары оқу орындарының бірі.

Қарағандылық «Политехтің» тарихы мен қазіргі жетістіктері Елбасының қызметімен, оның ғаламдық бастамаларымен және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғырту мәселелері бойынша бағдарламалық мақсаттарымен, оның ішінде жоғары білім беру саласындағы халықаралық стандарттар деңгейіне жетумен тығыз байланысты.

2012 жылғы 1 желтоқсанда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне Нұрсұлтан Әбішұлы AlmaMaterге келді, бұған жөнінде ҚарМТУ құрметті қонақтарының кітабындағы өз қолымен қалдырған жазбасы куә: «Мен осы оқу орнында – бүкіл Қазақстан үшін инженерлік кадрлар шеберханасында оқығанымды мақтан етемін».

Университет мұражайында Қарағанды политехникалық университетінің студенті - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған экспозиция ұқыпты сақталуда. 80 мыңнан астам біздің түлектеріміздің арасында – белгілі саяси қайраткерлер, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың басшылары, Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге Ресей, АҚШ, Израиль, Германия, Францияда және әлемнің

басқа елдеріндегі ғылыми мекемелердің басшылары, мәдениет және білім беру саласының майталман үздіктері бар

Университет Қазақстан Республикасындағы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлар шығаруды жүзеге асырушы және Болон конвенция талаптарына, ҚР мен әлемдік қауымдастықта қабылданған үш деңгейлі білім беру: бакалавриат – магистратура – докторантура бағдарламасына толық шамада жауап бере алатын ірі техникалық жоғары оқу орындарының бірі.

Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасын орындау мақсатында ҚарМТУ базасында Қазақстандағы ең үздік Инженерлік бейіндегі зертханалардың бірі құрылды және инновациялық жүйенің ұлттық субъектілерінің негізгі интеграторы болуға қабілетті және зерттеулер жүргізуде халықаралық стандарттарды алға жылжытуға, халықаралық ғылыми қоғамдастықпен және индустриямен серіктестікті дамыту және нығайтуға мүмкіндік беретін Халықаралық материалтану орталығын ұйымдастыру жүргізілуде.

2010 жылы қазанда Қазақстан мен Франция Президенттерінің шешімімен француздық «TOTAL» компаниясының қатысуымен ҚарМТУ-да халықаралық деңгейдегі мамандарды және мұнай-газ саласындағы және өнеркәсіптегі дәнекерлеудің қазіргі технологияларының трансфертін даярлауға арналған «Қазақстан дәнекерлеу институты» ҒЗИ ұйымдастырылды. Аталған факультеттің оқыту орталығы базасында «Халықаралық дәнекерлеуші», «Дәнекерлеу бойынша халықаралық практик» және «IWE халықаралық инженер-дәнекерлеуші» бағдарламалары бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес мамандарды оқыту жүргізілуде.

2008 жылы Университет Қазақстанда алғашқы рет оқу сапасы менеджменті жүйесінің ISO 9001:2000 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігіне ресертификаттық аудиттен өтті және «Русский регистр» мен IQ NET сертификаттарын алды. ҚР БҒМ Ұлттық аккредиттеу орталығы жыл сайын жүргізетін жоғары оқу орындарының тәуелсіз рейтингінде ҚарМТУ республикадағы барлық техникалық жоғары оқу орындарының арасынан құрметті орынға жыл сайын ие болады. Университет - Қазақстандағы «Электрондық Университет» мәртебесі бар алты жоғары оқу орнының бірі.

Халықаралық стандарттарға білім беру процесінің бағдары «білім-ғылым-инновация» ұштағаны шеңберінде мазмұнды біріктіруді қамтиды. Осы қазіргі заманғы парадигманы тиімді іске асыру үшін ҚарМТУ-да 50 ҒЗИ-дан, ғылыми зертханалардан және орталықтардан, шағын енгізбелік кәсіпорынды қамтитын ғылыми-техникалық кешен құрылған және табысты қызмет етуде.

2008 жылы республикада аналогы жоқ Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» атты тілдер орталығы құрылды, ол орталықта әрбір ниет білдіруші оқытудың қазіргі заманғы әдістемесі мен құралдары арқылы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгере алады.

2008 жылы 19 маусымда Университет дамуының Кешенді Бағдарламасына сәйкес Қазақстандағы алғашқы инновациялық білім беру конкорциумы «Корпоративті университет» құру туралы Келісімге қол қойылды, оның мүшелері - Қазақстанның және Ресей Федерациясының ғылыми және өнеркәсіптік кәсіпорындары. ҚР Білім және ғылым министрлігінің пікірі

бойынша Орталық Қазақстан өңірінде Корпоративті университеттің құрылуы, тұтастай алғанда, Қазақстандағы және Қарағанды өңіріндегі қазіргі заманғы әрі өзекті техникалық білім беру болып табылады.

Университет мамандар даярлаудың сапасын және олардың халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі Мемлекеттік Бағдарламаға сәйкес жетекші шетел жоғары оқу орындарымен шығармашылық ынтымақтастықта екі дипломды білім беру бағдарламасын іске асыруда.

ҚарМТУ – ірі ғылыми орталық. Университетте өткізілетін халықаралық, республикалық, өңірлік ғылыми-техникалық конференциялар академиялық таңдаулы топты, жас аспиранттарды, магистранттарды, студенттерді, өңірдегі, республикадағы, ТМД елдеріндегі және шетелдегі ірі кәсіпорындардың мамандарын топтастырады

Университет оқу стандарттарын әзірлеу және инновациялық кәсіпорындар құру бойынша ТЕМПУС халықаралық жобасына қатысады

Словакия мемлекеттік университетімен, Циттау – Гертлиц институтымен (Германия), Болтон университетімен (Ұлыбритания), Рочестерский технологиялық институтымен (АҚШ), Кошица қаласындағы Техникалық университетпен (Словакия), Қолданбалы ғылымдар техникалық университетімен (Вильдау қ., Германия), Томск политехникалық университетімен (Ресей), Урал мемлекеттік техникалық университетімен (УГТУ - УПИ), Киев ұлттық және Тернополь университеттерімен (Украина) және т.б. ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Біздің университет тек білім және ғылым саласындағы табыстарымен ғана емес, сонымен бірге әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру дәстүрімен де танымал, мысалы: «Студент қатарына қабылдау», «Политбой», «Брейн - ринг». Біздің «КТК» командамыз «Астана» КТК аймақтық Лигасының дипломанты болып табылады. Көптеген жылдар бойы көркемөнер үйірмелері, студенттік бірлестіктер жұмыс істейді: «Орфей» студенттер театры мен «Француз пьесасы» театры, «Жастар» театр студиясы; дебат клубы; Қазақстан студенттерінің Альянсы (ҚСА); студенттік өзін-өзі басқару; «Жасыл ел» СҚО; «Ақ ниет» қайырымдылық ассоциациясы; қайырымдылық ассоциациясының мақсаты балалар үйлеріне, мүгедектерге, әлеуметтік жағынан аз қамтылған жандарға моральдық және материалдық көмек көрсету болып табылады.

Біздің студенттеріміз спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысады: ҚР ЖОО Универсиадасы, «Президенттік миля», «Денсаулық сағаты», спорттың 15 түрінен факультеттер арасындағы спартакиада; спорттың 6 түрі бойынша Ректор Кубогы, «Сергектік және денсаулық» Спартакиадасы. Соңғы жылдары университетте халықаралық дәрежедегі 2 спорт шебері, 18 спорт шебері, 20 спорт шеберіне кандидат, 259 спортшы – разрядшылар жаттықтырылды.

ҚарМТУ-дың, Корпоративті Университеті кәсіпорындарының, Технологиялық колледждің, Жұмысшы мамандықтар орталықтарының қазіргі интеграцияланған білім беру және ғылыми-өндірістік базасы Елбасымен қойылған – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру арқылы елді әлеуметтік жанарту жаһандық міндетін шешуде 20 қадамды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ҚарМТУ бірінші проректоры, т.ғ.д, профессор, ҚазҰЖҒА, ҚЖМ ҰҒА, ХАҒА академигі Исағұлов А.З. және машина жасау факультетінің «Металлургия» мамандығының IV курс студенті Насенов Т.Е. «Жылдың педагог-ғалымы» және «Жылдың дипломдық жұмысы» номинацияларында «Алтын Гефест» Ұлттық салалық сыйлығының лауреаттары атанды. Біздің жеңімпаздарымыз 12 номинацияның ішіндегі 2 сыйлықтың лайықты иегерлері. Номинация жеңімпаздарына «Алтын Гефест» және ақшалай сыйлық тағайындалды.

«Алтын Гефест» сыйлығы – 2010 жылы ҚР Инвестициялар және даму министрлігімен ERG компаниясының тұрақты қолдауымен тағайындалған жалғыз кәсіптік марапат. «Алтын Гефест» сыйлығын жауапкершіліктің жоғары сезімі, кәсібилік, жаңашыл рух біріктіретін саланың, компанияның кәсіби мамандары мен жобалар, журналистер, педагогтар иеленеді, бұл қазақстандық ГМК жетістігінің кепілі болып табылады.

ҚарМТУ институционалдық аккредитациядан сәтті өтіп, 5 жыл мерзімге сертификат алды. Іс жүзінде ЖОО барлық білім беру бағдарламалары АРТА мен БСҚА мамандандырылған аккредитациясынан сәтті өтті.

Білім беру бағдарламаларының халықаралық танылуы Еуропадағы Болон процесі аясында әлемдік білім беру жүйесімен ҚарМТУ инженерлік білім беруін біріктіру үшін ынталандыру болып табылады. Университетте әлемнің ірі ЖОО – Луизиана Техникалық университеті (АҚШ), Фрайберг тау-кен академиясы (Германия), Ұлттық зерттеу Томск политехникалық университеті (Ресей), Ресей халықтар Достастығы университеті, Мәскеу энергетика институты (Ресей) және басқаларымен екі дипломды білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады.

Университет тек инженерлер даярлаудағы жоғары деңгеймен ғана ерекшеленбейді, сонымен бірге оқу процесімен және кәсіпорындардағы өндірістік қызметпен тығыз байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесімен де көзге көрінеді.

СТУДЕНТКЕ ҮНДЕУ

Жоғары оқу орнының түлегі қазіргі заманның сұранысына ие болуға және табысты мансап жасауға мүмкіндік беретін білімнің, практикалық дағдылардың, тұлғалық сипаттамалардың таратушысы болып табылады.

Сіз біздің Университетті таңдай отырып дұрыс таңдау жасадыңыз. Білім өте маңызды әлеуметтік және экономикалық ресурс болып табылады. ҚарМТУ-да білім сапасы біліктілігі жоғары профессорлық-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етіледі. Сабақтар ең үздік мамандарды тарта отырып қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Өзінің қажеттіліктерін табысты іске асыру үшін болашақ мамандықты дұрыс таңдай білу қажет, мамандық бойынша жұмысқа сапалы дайындалу қажет, білім беру процесіне белсенді қатысу керек. Кез келген мамандықтың ең үздік мамандары әрдайым сұранысқа ие болады

1.2. Ректорат



Ректор Ибатов Марат Кеңесұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор

1983 жылы Мәскеудің автомобиль-жол институтын (МАДИ) үздік аяқтап, Қарағанды политехникалық институтына жіберілген, мұнда аға инженер, кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген.

1987-1990 жылдары Мәскеудің автомобиль-жол институтында (МАДИ) аспирантурада оқыған.

1991 жылы Мәскеудің автомобиль-жол институтында (МАДИ) техникалық ғылымдары кандидаттығы ғылыми дәрежесіне іздену диссертациясын қорғаған.

1991 жылдан бастап ҚарПТИ-де (кейінгі ҚарМТУ) «Автомобиль транспорты» кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы, доценті, профессоры қызметтерін атқарған.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған (1993, 1994 жылдары).

1995-1997 жылдары ҚарМТУ оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрағасы міндетін атқарған.

1997-2007 жылдары автомобиль-жол факультетінің деканы болған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған (2000, 2003, 2009 жылдары).

2003 жылы докторлық диссертациясын қорғаған.

2005 жылы ҚР БҒМ-нің Білім және ғылым саласын аттестаттау мен бақылау жөніндегі Комитет шешімімен профессор ғылыми атағы берілді.

2007-2008 жылдары ҚарМТУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарған.

2008-2011 жылдары ҚарМТУ-да «Автомобиль транспорты» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет еткен.

2011 жылы 1 маусымнан бастап Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің бірінші проректоры болып жұмыс істеген.

2012 жылы 11 маусымнан бастап Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетінің ректоры болып жұмыс істеген.

«Қазақстан Республикасының білім беру саласының құрметті қызметкері» Төсбелгісімен, «10 жыл Астана» медалімен, Қазақстан Республикасының кәсіподағы ОК-нің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Құрмет грамотасымен, Нұр Отан» ХДП-ның «Белсенді еңбегі үшін» Төсбелгісімен, Ахмет Байтұрсынов атындағы Төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік марапатты медалімен, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан Алғыс хатпен, «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» Медалімен марапатталған.

2016 жылдың желтоқсан айынан Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ректоры қызметін атқарады.

160-тан астам ғылыми-әдістемелік еңбек жариялаған.

Бірінші проректор Исағұлов Аристотель Зейноллаұлы – техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Лениндік комсомол сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының үздік өнертапқышы, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Халықаралық жоғары мектеп ғылымдар академиясының, ҚазЖҒҰА академигі.

1976 жылы Қарағанды политехникалық институтын бітірген. 1972-1976 ж.ж. – Ленин стипендиат. 1976 бастап 1977 ж.ж. дейін – «Каргормаш» ө/б бас металлург бөлімінің II санаттағы инженер-конструкторы. 1977-1980 ж.ж. – Мәскеу автомобиль жасау институтының (МАЖИ) аспиранты. 1987-1988 ж.ж. – Аахенск техникалық университетінің, құю институтының ғылыми машықтанушысы. 1980-1992 ж.ж. – аға оқытушы, доцент, 1992 бастап 2000 ж.ж. дейін – «Машиналар, құю өндірісі технологиясы және конструкциялық материалдар» кафедрасының профессоры, ал 2000 ж. маусымынан бастап кафедра меңгерушісі. 2004 ж. наурызынан бастап 2011 ж. маусымына дейін – бірінші проректор. 2011 ж., шілде айынан бастап Инновация және ОӘЖ жөніндегі проректор болып, ал 2013 ж., қаңтар айының 24-нен ҚарМТУ-дың бірінші проректор қызметін атқарады.

Стратегиялық даму бойынша проректор Жетесова Гульнара Сантаевна – техника ғылымдары докторы, профессор.

300-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік баспа жұмысының, соның ішінде 5 монография, 84 оқу құралының және электронды оқулықтарға арналған зияткерлік меншікті тіркеу туралы 8 куәліктің авторы. Ол «Машина жасау» және «Стандарттау, метрология және сертификаттау» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура мен докторантураның 4 буынының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және 30-дан аса түрлі оқу бағдарламасын әзірлеуші. ҚарМТУ СМЖ құжаттамасының ішкі аудиторы мен нормоконтролеры. 15 жоғары оқу орнының және өндірістік кәсіпорындардың сапа менеджменті жүйесін әзірлеушісі. ҚР БҒМ механика

және машина жасау бойынша сарапшы кеңес мүшесі. «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері болды (2006, 2012 жж.). «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

Ожигин Сергей Георгиевич ғылыми жұмыс бойынша проректор – техника ғылымдарының докторы, профессор.

1984 жылы Қарағанды политехникалық институтын (ҚарПТИ) «Маркшейдерлік ісі» мамандығы бойынша тамамдап, оған «тау-кен инженер – маркшейдер» жоғары дәрежелі маман иегері болды. Институт бітірісімен ҚарПТИ «Маркшейдерлік ісі және геодезия» кафедрасындағы ғылыми-зерттеу зертханасының (ҒЗЗ) «Тау-кен жыныстарының қозғалысы» аға инженер қызметін басқарып, кіші ғылыми қызметкері болды. 1988-1990 жылдары «Маркшейдерлік ісі» мамандығы бойынша аспирантурасын оқиды. 1990-1992 жылдары (ҒЗЗ) «Тау-кен жыныстарының қозғалысы» ғылыми қызметкері болды. 1992-1997 жылдары участоктық маркшейдер, 1997 жылдан АООТ «Шұбаркөлдік тілік» техникалық бақылау бөлімінің басшысы қызметін атқарды. 1999-2001 жылдары Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің (ҚарМТУ) докторанты. 2001-2006 жылдары Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің (ҚарМТУ) «Маркшейдерлік ісі және геодезия» кафедрасының (МІЖГ) доценті. 2006-2009 жылдары Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің (ҚарМТУ) халықаралық қатынас және ғылыми басқару бөлімінің бастығы. 2009-2011 жылдары Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің (ҚарМТУ) МІЖГ кафедрасының доценті, 2011 жылдан бастап аталған кафедраның профессоры.

Тау-кен геомеханикасы мен маркшейдерлік іс саласының маманы.

Тәрбие ісі жөніндегі проректор Алпысбаева Назым Амангазыевна – техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

1982 жылы Қарағанды политехникалық институтын бітірді; 1984 жылға дейін АЖЖ зертханасында тағылымгер-зерттеуші, инженер болып қызмет етті; 1984-1988 жыл аралығында «Пайдалы қазбалар орнын барлау» кафедрасы жанындағы күндізгі аспирантурада білім алды. 1988 жылы техника ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

Диссертациялық жұмыстың ерекшелігін және қорғағаннан кейінгі жарияланған мақалаларды, «Кәсіпорын экономикасы» кафедрасындағы (1991 ж.) жұмыс тәжірибесін ескере отырып 2000 жылдың желтоқсанында ЖАК «экономика мамандығы бойынша доцент» атағын берді. 2001 жылдың сәуір айынан ҚарМТУ-да қызмет етеді.

80 астам ғылыми мақалалар мен жұмыстар жариялады, соның ішінде «Қарағанды көмір бассейні» кітабы бөлімінің, мемлекеттік тілдегі «Шахталарды жобалау» оқулығының, төрт монографияның, бес кәсіпорын, ТКШ экономикасы, жылжымайтын мүлікті басқару негізінде оқулықтардың серіктес авторы.

2006 жылы «ТКШ тиімді ұйымдастыру» жобасы бойынша қолданбалы зерттеулер желісінің аясында экономикалық зерттеулер және білім беру консорциумының

шәкіртақысын иеленді. 1997 жылы білім беру саласына сіңірген еңбегі және жетістіктері үшін ҚР БҒМ құрмет грамотасымен; 2003 жылы – «Білім беру саласының құрметті қызметкері» белгісімен; 2006 жылы – қала әкімінің Құрмет грамотасымен; 2009 жылы – «ҚР ғылым дамуындағы жетістіктері үшін» белгісімен; 2013 жылы – Қарағанды облысы әкімінің алғыс хатымен марапатталды. «Университеттің үздік оқытушысы 2013» атағының иегері. 2013 жылы III дәрежелі «Шахтерлік даңқ» құрмет белгісімен марапатталды.

Басшылықтың ПОҚ, қызметкерлер, студенттер, магистранттар мен докторанттардың жеке мәселелері бойынша қабылдау сағаттары:

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдау уақыты
1	Ибатов Марат Кеңесұлы	Ректор	сәрсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін
2	Исағұлов Аристотель Зейноллаұлы	Бірінші проректор	сәрсенбі, бейсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін
3	Жетесова Гульнара Сантаевна	Стратегиялық даму жөніндегі проректор	бейсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін
4	Ожигин Сергей Георгиевич	Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор	бейсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін
5	Алпысбаева Назым Амангазиевна	Тәрбие жұмысы жөніндегі проректор	бейсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін
6	Мусина Гульназ Нургалиевна	Аппарат басшысы	бейсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін

1.3. Факультеттер

Сәулет-құрылыс факультеті

Байланыс деректері:

Мекенжайы: Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56

Бірінші корпус, 208-кабинет

Қызметтік телефон: 8(7212)56-78-44 (ішкі 2006)

Жеке сұрақтар бойынша қабылдау уақыты: бейсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін

Кафедралар:

- «Құрылыс материалдары және технология»
- «Дизайн және сәулет»
- «Механика»
- «Орыс тілі және мәдениеті»

Тау-кен факультеті

Байланыс деректері:

Мекенжайы: Қарағанды қ., Ленин көшесі 72

ҚарМТУ-дың екінші корпусы, 201- аудитория

Қызметтік телефон: 8 (7212) 56-75-88 (ішкі 2025)

Жеке сұрақтар бойынша қабылдау уақыты: бейсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін

Кафедралар:

- «Пайдалы қазбалар кен орындарын өңдеу»
- «Маркшейдерлік іс және геодезия»
- «Кен аэрологиясы және еңбекті қорғау»
- «Геология және пайда қазбалар орынын барлау»

Машинажасау факультеті

Байланыс деректері:

Мекенжайы: Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56

Бас корпус, 312-кабинет

Қызметтік телефон: 8(7212)56-54-13 (ішкі 2007)

Жеке сұрақтар бойынша қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін

Кафедралар:

- «Технологиялық жабдықтар, машинажасау және стандарттау»
- «Нанотехнологиялар және металлургия»;
- «Кәсіби оқыту және педагогика»;
- «Шет тілдер».

Жол-көлік факультеті

Байланыс деректері:

Мекенжайы: Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56

№1- корпус, 306-кабинет

Қызметтік телефон: 8(7212)56-59-32 (ішкі 2011)

Жеке сұрақтар бойынша қабылдау уақыты: бейсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін

Кафедралар:

- «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер»
- «Профессор А.Н.Данияров атындағы өнеркәсіптік көлік»
- «Қазақ тілі және мәдениет»
- «Жоғары математика»

Инженерлік экономика және менеджмент факультеті

Байланыс деректері:

Мекенжайы: Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56

төртінші корпус, 210-кабинет

Қызметтік телефон: 8(7212)56-52-40 (ішкі 2026)

Жеке сұрақтар бойынша қабылдау уақыты: бейсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін

Кафедралар:

- «Кәсіпорын экономикасы және менеджмент»;
- «Инженерлік кәсіпкерлік және маркетинг»;
- «Физикалық тәрбие»;
- «Қазақстан халықтар ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер».

Инновациялық технологиялар факультеті

Байланыс деректері:

Мекенжайы: Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56, бас корпус,

407-кабинет

Қызметтік телефон: 8(7212)56-54-44 (ішкі 1023)

Жеке сұрақтар бойынша қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі 15:00-тен 17:00-ке дейін

Кафедралар:

- «Ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік»;
- «Ақпараттық есептеу жүйелері»;
- «Химия және химиялық технологиялар»;
- «Қазақстан тарихы».

Энергетика, автоматика және телекоммуникация факультеті

Байланыс деректері:

Мекенжайы: Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56, бас корпус,
127-кабинет

Қызметтік телефон: 8(7212)56-59-32 (ішкі 1022)

Жеке сұрақтар бойынша қабылдау уақыты: сенбі 10.00-ден 12.00-ге дейін

Кафедралар:

- «Өндірістік процесті автоматтандыру»;
- «Байланыс жүйесінің технологиялары»;
- «Энергетика»;
- «Өлшеуіш техника және аспап жасау»;
- «Физиқи».

Сырттай және қашықтықтан оқыту факультеті

Байланыс деректері:

Мекенжайы: Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56, 6-оқу корпусы,
415-кабинет

Қызметтік телефон: 8(7212)56-42-33

Жеке сұрақтар бойынша қабылдау уақыты: күн сайын 16.00-ден 18.00-ге дейін.

СҚОФ – бұл ХХІ ғасырдың талаптары деңгейіндегі жоғары сапалы білім беру қызметі. Факультетте «Техникалық ғылымдар және технология»; «Әлеуметтік ғылымдар және кәсіпкерлік»; «Білім»; «Көркемөнер»; «Қызмет көрсету» бағыттарын қамтыған бакалавриаттың 35 мамандығы бойынша жылдамдатылған және қысқартылған білім беретін бағдарламаларымен білім беру қызметін жүзеге асырады.

Оқу мерзімі 3,5 жыл болатын жылдамдатылған білім беру бағдарламасы бойынша оқуға колледждердің (техникумдардың) бакалавриаттың тандаулы мамандығына сәйкес келетін орташа кәсіби білімі бар түлектері қабылданады.

Оқу мерзімі 2,5 жыл болатын қысқартылған білім беру бағдарламасы жоғарғы кәсіби білім бар мамандар үшін жүзеге асырылады.

Институттағы оқу және оқу-әдістемелік жұмыс ҚР БҒМ нормативтік құжаттарына толық сәйкестікпен іске асырылады және Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесі бақылайды. Оқу процесі білім берудің кредиттік технологиясы бойынша ұйымдастырылған.

СҚОФ барлық мамандықтары бойынша оқу процесі кейстік қашықтықтан білім беру (ҚББ) технологиясын қолданумен қатар жүзеге асырылады, оның негізінде оқытудың белгіленген регламентін сақтай отырып, өзіне ыңғайлы орында және ыңғайлы уақытта оқи алатын студенттің мақсатты және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысы болады.

«Колледж-ЖОО» мен екінші жоғары білім жүйесінде үздіксіз білім беруді одан әрі дамыту, Корпоротивті Университет мүшелерімен кәсіпорындарымен өзара тығыз әрекеттестік қарастырылған.

Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу біліктілігі жоғары профессорлар, доценттер және оқытушылармен, Университеттің жалпы білім беретін кафедраларымен іске асырылады. Сырттай оқу бөлімінің студенттері аптаның кез келген күнінде кеңес ала алады, дегенмен сенбі сырттай оқу бөлімі студенттерінің ресми күнді болып табылады.

Факультеттің студенттері кітапхана, Internet желісінің қорларына еркін қол жеткізе алады, оқу залы, компьютер класстарының қызметтерін пайдаланады.. 2009/10 оқу жылынан бастап студенттер электрондық түрдегі оқу материалдарымен қамтамасыз етіледі.

Дипломдық жұмысты сәтті қорғағаннан кейін СҚОФ студенттеріне магистратурадағы білімдерін жалғастыруға мүмкіндік беретін бакалавр біліктілігі бар мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

2. Студенттің құқықтары мен міндеттері

Студент:

- білім гранты бойынша және шарт негізінде оқуға;
- мамандықтардың жалпыға міндетті стандарттары аясында білім алуға;
- белгіленген көлемде стипендия алуға (мемлекеттік тапсырыс бойынша оқып жатқан тұлғалар үшін);
- университет жатақханасына тұруға;
- жеке траектория шеңберінде оқуға;
- өзінің қабілеттілігі мен мүмкіндіктеріне сәйкес білім және қосымша көрсетілетін білім қызметтерін алуға;
- оқу жоспарына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- кафедрада профессорлық-оқытушылық құрамның саны жеткілікті болған жағдайда оқытушыны таңдауға;
- ҚР БҒМ Бұйрығымен белгіленген тәртіпте бір оқу орнынан басқа оқу орнына, бір мамандықтан басқа мамандыққа ауысуға және қайта қабылдануға;
- жеке пікірлері мен ойларын еркін жеткізуге;
- баға жариялығына;
- академиялық демалысқа (денсаулық жағдайына байланысты, соның ішінде жүктілік пен босану бойынша);
- жоғары оқу орындары арасындағы шарттар негізінде басқа жоғары оқу орындарында жеке оқу пәндерін зерделеуге;
- жазғы семестр мерзімінде немесе оқу жылы ішінде академиялық қарыздарын жою үшін пәндерді қосымша зерделеуге;
- зертханалық жабдықтарды және компьютерлерді, факультет, кафедра, кітапханалардың ғылыми-анықтамалық материалдарын пайдалануға;
- оқу процесі және студенттердің құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратты қамтитын «Анықтамалық-жол көрсеткішпен» қамтамасыз етуге;
- қоғамдық ұйымдар арқылы университет қызметі мен студенттік өмірдің маңызды шешімдерін шешуге қатысуға;
- университет Жарғысы және тиісті ережелермен байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарына мен басқа қызмет түрлеріне қатысуға;
- ұйымдастырушы болуға және ғылыми-техникалық шығармашылық орталықтар, кооперативтер, баспа қызметі, ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге қатысатын басқа шаруашылық-есептегі ұйымдардың жұмысына қатысуға;
- медициналық қызмет көрсету және студенттердің белгілі бір топтары үшін белгіленген басқа жеңілдіктерді алуға;
- оқуда, ғылыми-өндірістік пен басқа қызметтердегі табыстары үшін марапаттау және сыйлық алуға, алғыс жариялау, грамотамен, ақшалай сыйлықпен, құнды сыйлықтармен марапаттау және профилакторияларға немесе спорттық-сауықтыру лагеріне тегін жолдама алуға **құқылы**.

Материалдық марапаттау түрлерін таңдау деканат және кафедра ұсыныстары бойынша жүзеге асырылады.

Бітіруші кафедралардың ұсыныстары бойынша жақсы оқитын студенттер

оқытудың жеке кестесіне ауыстырылуы мүмкін.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің студенттері, магистранттары мен докторанттарының академиялық ұлтжандылық КОДЕКСІ

1) Жалпы ережелер

ҚарМТУ студенттері, магистранттары мен докторанттарының академиялық ұлтжандылық кодексі (әрі қарай – КОДЕКС) Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық құқықтарына, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының жариялаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы», «Қазақстан Республикасы тілер туралы», «Ғылым туралы», «Жемқорлықпен күрес туралы» және ҚР басқа нормативтік актілері, ҚарМТУ ішкі нормативтік актілері, сапа саласындағы саясат пен мақсат талаптарына, техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша заңды талаптар мен нормаларға сәйкес әзірленген.

Кодекс Ғылыми кеңестің шешімімен қабылданған және ректордың бұйрығымен бекітілген. Кодекстің негізгі мақсаты – оқушылардың ҚарМТУ стратегиялық дамыту, ҚарМТУ корпоративті мәдениетті мен беделін бекіту мақсатында қабылданған стандарттар мен іскерлік әдеп нормалары процесін сақтауы.

Кодекс ҚарМТУ-дағы оқу, ғылыми және әкімшілік-басқару процесін жүргізудің және субъектілердің өзара әрекетінің әдеби негізін реттеуге бағытталған.

Университетте білім алу студенттер, әкімшілік пен оқытушылардың арасындағы ынтымақтастық, серіктестік және өзара сыйласымдылық негізінде құрылады.

Мұндай ынтымақтастық студенттердің жалпы қабылданған академиялық әдептілік ережелерін сақтаған кезінде мүмкін болады, ол оқу процесінен ешбір кем емес.

Оқуға деген шынайы және жауапты қарым-қатынас жоғарыда айтылған талаптардың басым критерийі болып табылады. Студент орындайтын академиялық бағдарламаның сапа көрсеткіші ол курстар бойынша бағалары болып табылады, онда студенттердің тек өз бетімен орындалған жұмысы болған жағдайда ғана олардың білімін көрсетеді.

ҚарМТУ-дың академиялық және студенттік қоғамдастығының жауапты мүшесі ретінде қабылдайтын студенттер **академиялық қызметтің** келесі моральдық және әдеп ережелеріне сәйкес болуы керек:

– Университет студенті олардың болашақ кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін терең білім алуға тырысуы керек;

– студент адал оқиды, барлық академиялық сабақтарға қатысады, оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады;

– студент құрылған академиялық жағдайларда кәсіби білімін, шеберлігін және дағдысын толықтыру, дамыту және қалыптастыру үшін;

– студент бақылау сынақтарды, оған қоса бақылауға, курстық жұмыстар мен жобаларға, аралық бақылаулар мен емтихандарға дайындықты өз бетімен және адал тапсырады;

– студент аттестациялық сынақтарда, дербес жұмыс орындаған кезде, білім, шеберлік және дағды бақылауынан өткенде үшінші тұлғаға көмек сұрап бармайды;

– студент Университеттің оқытушылары мен әкімшілігін алдауға жол бермейді, жалған құжат ұстамайды;

– студент басқа студенттермен салыстырғанда оқуда артықшылық алу үшін өзінің жеке таныстарын, туыстарын және қызметтік байланыстарын пайдаланбайды, оқытушылар мен әкімшілікке пара ұсынбайды;

– студент оқу процесі уақытында пәнді бұзбайды, материалды қабылдау кезінде басқа студенттерге бөгет жасамайды;

– студент практикалық сабақта және дәрісте, жалпы университеттің шараларында оқуға қатысы (байланыс құралы, ойын-сауық және т.б.) жоқ бөтен, бөгет жасайтын заттардан тартынады;

– студент сабаққа уақытында келеді;

– студент ішкі тәртіпті, Университеттің Жарғысын қатаң сақтайды;

– ҚарМТУ студенті плагиатты – басқа адамдардың ойын, идеясын, дәйексөзін және т.б. қайнаркөзге сілтеме жасамай жібермейді, сонымен бірге басқа біреудің жұмысын өзінің жұмысы ретінде тапсырмайды.

2) Студент тәртібінің моральдық-әдеп қағидалары

Әдеп кодексі Университет студенттер тәртібінің көпшілікке танылған әдеп, мораль, өнегелік нормаларын, оқытушыларға, қызметкерлерге, мемлекет пен қоғамды толығымен алған кездегі құрметке негізделген адамгершілік бағдарын анықтайды.

Кодекс білім алу үшін максимум жайлы жағдай, білім беру аясында жағымды психологиялық ахуал құруға, Университет құндылықтарына қатыстылығын қалыптастыруға бағытталған.

Осы Кодекстің барлық нормаларын жүзеге асырудың басты мақсаты – студенттің қауымдастықтың адамгершілік мәдениетін бекіту.

Университеттің әрбір студенті осы Кодекстің нормаларын орындай отырып Университеттің беделі мен іскерлік абыройын бекітуге өзінің үлесін қосады.

Университет студенті университет аумағында да, одан тыс жерде де Кодексті сақтауы керек.

Студент өзінің іс-әрекетінде тәртіптің келесі рухани әдептің негізгі принциптерін басшылыққа алады:

Адамдарға адамгершілікпен, ізгілікпен қарау. Студент басқа студенттермен, сонымен бірге оқытушылармен, Университет қызметкерлерімен және басшылықпен қарым-қатынасқа түскенде кішіпейіл және сыпайы болуы керек, биязы, өнегелі, шыдамды, орынды мінез танытып, қоршаған ортаға

құрмет көрсетуі керек. Қажет болған жағдайда оларға рухани қолдау көрсету керек.

– Оқу процесінде қиындықтар туғанда, Университет студенті осы сұрақтардан хабардар кез-келген студенттен көмек сұрай алады. Студент мейірімділік және әділдік заңына сәйкес іс жасауы керек, өйткені қылықтар әдетке айналады.

– **жеке бас ар-намыс және қадір-қасиетіне құрмет.** Студент басқа студенттерді, оқытушыларды және Университет басшылығын, олардың пікірі мен көзқарасын сыйлауы керек. Ол жоғары іскерлік және жалпы мәдениетті сақтауға міндетті. Студенттер арасында қарым-қатынас өзара құрмет, сенім, ынтымақтастық, өзара түсіністік, өзара көмек, бір-біріне деген төзімділік, шыдамдылық принциптерін сақтау – басқа халықтардың салт-дәстүріне төзімділік пен құрмет таныту, әр түрлі этникалық, әлеуметтік топтар мен діни конфессиялардың мәдени және өзге де ерекшеліктерін ескеру негізінде құрылады. Студент ар-намыс пен қадір-қасиетті кемсітудің кез-келген түріне, жеке басқа физикалық және психологиялық қысым көрсетуге, Университет қабырғасында дөрекі, әдепсіз сөйлеуге жол бермеуі керек.

– **парасаттылық.** Студенттердің әңгімелесуінде басқа студенттердің, оқытушылардың, Университет басшылығының кәсіби немесе жеке қасиеттерін көпшілік алдында сынауға, жала жабу мен қорлауға жол берілмейді. Студент басқа студенттермен қарым-қатынаста сабақта туындаған сұрақтар мен қиындықтар және басқа да мәселелер бойынша ақпарат беріп, кішіпейіл әрі әдепті болуы керек. Студенттер мен оқытушылар, Университет басшылығы арасында сенімді қарым-қатынас орнатылуы тиіс. Сенімге студенттің адалдығымен, әдептілігімен қол жеткізіледі.

– **адалдық.** Өз міндеттерін орындау да адал болу; оларды ұқыпты және мәжбүрлеусіз орындау. Әрбір студент Университеттің өкілетті өкілі болып табылатынын естен шығармай, әрқашан кез-келген жерде өз оқу орнын лайықты көрсету, оның оң имиджінің қалыптасуына ықпал ету.

– **қабылданған міндеттемелерге жауапкершілік пен адалдық.** Студент осы Қдекстің тәртіп ережесінің сақталуына жауапты, осыған орай, оның орындалуы үшін барлық қажетті шараларды жасауға міндетті. ҚарМТУ студенті Университет дәстүрлерін құрметтеуі, нығайтуы және көбейтуі керек. ҚарМТУ студенті және түлегі деген атты абыроймен алып жүру, өзінің қылықтарымен Alma mater абыройы мен беделіне нұқсат келтірмеу.

– **табандылық.** Ойын ашық білдіру және оқу-тәрбие жұмыстары мен Университеттің ішкі өмірін ұйымдастыруды жақсартуға байланысты Университет администрациясына, Ғылыми кеңес пен ректоратқа ұсыныстар жасау. Қарым-қатынас барысында сыпайы және кішіпейіл болу.

– **стиль заңы.** Студенттер іскерлік киім үлгісін ұстану, ерсі көрінетін заттар мен макияждан аулақ болуы және әрқашан ұқыпты көрінуі керек. Университеттің ішінде сырт киіммен жүруге тыйым салынады.

– **әдет заңы (салауатты өмір салты).** Шылым шегу арнайы сол үшін бөлінген орында ғана рұқсат етіледі, Университеттің қалған аумағында шылым

шегуге тыйым салынады. Спиртті ішімдіктерді ішігу және еліткіш дәрі-дәрмектерді қабылдауға жол берілмейді.

– **мүлікті сақтау заңы.** Студенттер Университет меншігіне ұқыптылық танытады, барлық ғимараттың ішінде тазалық пен тәртіпті сақтайды және Университет аумағында вандализмге жол бермейді.

3) Студенттің кодексті бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік шаралары

Студент Кодексті білуге және сақтауға міндетті. Этикалық нормаларды білмеу және онымен келіспеу әдепсіз қылыққа сылтау бола алмайды.

Студент осы Кодексті сақтамай, қатаң бұзған жағдайда Университет басшылығының алдында, студенттік өзін-өзі басқару органдары алдында жауап береді. Олар тәртіп бұзғандарға тәртіптік және моральдік жазалар қолдануға құқылы.

Студент тәртіптік ықпал ету шараларына келесі түрде тартылуы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- жеке ісіне тіркелетін қатаң сөгіс;
- оқудан шығару.

Тәртіптік ықпал ету шаралары ұстаздардың, деканат жетекшілерінің қатысуымен Университет этикасы кеңесінің отырысымен анықталады. Академиялық тәртіпке тән емес кез-келген қылық оқытушымен қарастырылады, ал шешім кафедра меңгерушісінің, деканның қатысуымен қабылданады.

3. Оқу процесін ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету

Кітапхана өмірбаяны Тау-кен факультетының ашылуымен бір уақытта 1953 жылы басталады. Жинақ негізін Мәскеу, Ленинград, Днепропетровск және басқа да тау-кен факультеты кітапханаларының айырбас қоры құрады. 1954 жылдың басында кітапхана қоры 12 мың басылымды құрады.

1958 жылы Тау-кен факультетін Политехникалық болып қайта ұйымдастырылуымен және 4 факультеттің пайда болуымен материалдық база айтарлықтай нығайып, оны жинақтау профилі кеңейді.

Кітап қоры арнайы ғылыми-техникалық әдебиетпен елеулі толықты және бұл жағдай оны тек Қарағандыда ғана емес, сонымен қатар Республикадағы ең ірі кітапханалар дәрежесіне жеткізді.

Жылдар мен онжылдықтар өткен сайын кітапхана қызметінің негізгі бағыттары дамыды:

50-60 жылдар – кітапхана қоры қалыптасты, анықтамалық-іздеу аппараттары (каталогтар және картотекалар) құрылды.

70-80 жылдар – анықтамалық-библиографиялық, ақпараттық және әдістемелік жұмыстар дамыды.

90 жылдар – кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру негіздері салынды.

2000 жылдар – жаңа ақпараттық технологиялар енгізілуде, Электронды кітапхана құрылуда және дамуда және ақпараттық әлемдік кеңістікке кіру табылдырығында.

ҚарМТУ кітапханасы – 53 адамнан тұратын штаты бар ең ірі ЖОО кітапханасы. Кітапхананың жалпы көлемі 15 420 шаршы метр, Университеттің 3 корпусында орналасқан, оқу залдарында 700 отыратын орын бар.



Кітапхананың электронды оқу залы

Кітапхана қорында 2 млн. астам оқулық, мерзімдік және ақпараттық басылымдардың 400 жуық атауы бар деп есептеледі. Қор құрамында Университет профилі бойынша оқу, ғылыми, анықтамалық, ғылыми танымал басылымдар, оның ішінде электронды, аудиовизуалды құжаттар, Қазақстан ЖОО-ларының және Университеттің өзінің ғылыми басылымдары, диссертациялар, ҒЗЖ бойынша есептер, сонымен қатар көркем әдебиеттер де бар.

Қор қазынасы қолтаңбалары бар кітаптар, ХХ ғасыр басындағы басылымдар, сирек және шағын кітаптар топтамасы болып табылады.

Жыл сайынғы адамдар келуінің саны 300 мыңға жуық, бір жыл ішінде 500 мыңнан артық кітап және журналдар пайдалануға беріледі, оқырман саны 13 мыңнан артық.

Оқырмандар қызметіне 5 абонемент, 9 оқу залы, Интернетті пайдалануға болатын 2 электронды зал беріледі. Компьютерлер паркі 233-ды құрайды, оның 158-і пайдаланушыларға арналған. Компьютерлер оқу процесіне және студенттерге өзіндік жұмысқа көмек ретінде бағдарламалармен жабдықталған: Microsoft Office 2010, AutoCAD 2009, CorelDRAW Graphics Suite X4, 3ds max 7,

Mathcad 14, КОМПАС-3D LT V12 және т.б. Кісі көп жиналатын және ұйымдық талап етілген жерлерде Интернетке қосылудың Wi-Fi аймақтары және Университеттің компьютерлік желісі ұйымдастырылған.

Кітапхана сайтында <http://lib.kstu.kz/> кітапхананы, ресурстарды қолдану ережелері туралы, басылым жаңалықтары, кітапхана қорына түскен жаңа басылымдар туралы ақпараттар, виртуалды тақырыптық көрмелер, сонымен қатар мемлекеттік және орыс тілінде оқитын бірінші курс студентінің Электронды портфелі орналасқан.

Кітапхана бүгінде Университеттің Электронды кітапханасына, отандық және шетелдік ресурстарға еркін қосылуды қамтамасыз етеді.

Электронды кітапханаға қосылу ИРБИС Web-модулі арқылы жүзеге асады. Сервистік қызметтер қатарында сканерлеу, ксерокөшірме жасау, электронды әдебиеттерді беру бар.

АБИС ИРБИС 64 бағдарламалық қамтамасыздандыру базасында жұмыс істейтін Электронды каталог (ЭК) оқырмандарға деректердің 13 базасын ұсынады. Олардың арасында: КІТАПТАР (негізгі кітап қорының ЭК), ПЕРИОДИКА (мерзімді басылымның ЭК), Мақалалар, Силлабустар, Цитаталар, Авторефераттар, ҚАРМТУ еңбектері.

Кітапхана Университет басшылығының қолдауымен ғылыми-техникалық ақпарат саласында әлемдік алдыңғы қатарлы компаниялармен бірге қызмет жасайды: Thomson Reuters, Springerlink, Elsevier, ғылыми электронды кітапхана eLIBRARY.RU - ең ірі ресейлік ақпараттық портал, «ЛАНЬ» баспасының электрондық-кітапханалық жүйесі.

Ақпараттық-іздеу жүйелерін еркін пайдалану қамтамасыз етілген: «Технорматив», «Қазақстан Республикасының стандарттары», «Қазақстан патенттері».

Кітап қорын толықтыру үшін Университет профилі бойынша жетімсіз әдебиеттерді цифрлау жүргізіледі. Құжаттарды цифрлаудың меншікті аппараттық-бағдарламалық құрылғылары бар – 4 планшеттік және 1 кітап сканері. Басылымдарды цифрлау кітапхана қызметкерлерінің еңбегімен іске асады.

ҚарМТУ кітапханасы Республикалық ЖОО аралық электронды кітапханалар қатысушысы (РЖАЭК) болып табылады.

Кітапхана – Қазақстан Республикасы ЖОО кітапханалары Ассоциациясының және Қазақстан кітапханаларының ақпараттық консорциумының мүшесі.

Кітапханада кітапханашылар буынымен негізі салынған дәстүрлер берік сақталып келеді.

Құлшыныс пен іске деген шығармашылық тәсілдеме әр қызметкерді өзінше ерекшелейді. Кітапхана ұжымы ЖОО мамандарын даярлауға белсене қатыса отырып, өз күштерін негізгі мәселені шешуге – ақпарат пен білім орталығы болуға бағыттайды.

4. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру

4.1. Жалпы ережелер

Кредиттік оқыту технологиясын (КОТ) пайдалана отырып оқу процесін ұйымдастырудың басты міндеттері мыналар болып табылады:

- білім көлемін бірыңғайлау;
- оқытуды барынша даралау үшін жағдай тудыру;
- білім алушылардың дербес жұмысының ролі мен тиімділігін күшейту.

Кредиттік оқыту жүйесіне (КОТ) тән ерекшеліктер мыналар болып табылады:

- әрбір пән бойынша білім алушылар мен оқытушылардың еңбек шығындарын бағалау үшін кредит жүйесін енгізу;
- өзінің жеке оқу жоспарын құрастыруға білім алушының тікелей қатысуы және жеке оқу жоспарын құрастыру кезінде жұмыс-оқу жоспарына енгізілген элективтік пәндер арасынан оқыту пәнін таңдау еркіндігі;
- жоғары оқу орнында профессорлық-оқытушылар құрамның жеткілікті саны кезінде білім беретін оқытушыларды таңдау еркіндігі;
- білім траекториясын таңдау кезіндегі білім алушыға көмектесетін эдвайзерді оқу процесіне тарту;
- оқу процесін баспадан шыққан және электрондық түрдегі барлық қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- әрбір оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

Бакалавриаттың білім беру кәсіби бағдарламасы 4 жыл оқу ішінде іске асырылады және 40 пәннен кем емес зерделеуден тұрады. Бакалавр дәрежесін алу үшін 129 кредит алу, практиканың барлық түрлерінен өту, мамандықтар бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру, диплом жұмысын немесе диплом жобасын қорғау керек.



Ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық тұрғыда танылу, білім

беру ұйымдарында оқытушылар мен білім алушылардың ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру және білімнің барлық деңгейдегі сабақтастығын қамтамасыз ету үшін бірыңғай кредиттік оқыту технологиясы пайдаланылады.

Кредиттік оқыту технологиясы оқытушылар мен білім алушылардың оқу жұмысы көлемін өлшеудің бірыңғай бірліктері ретінде кредитті пайдалана отырып, пәндерді зерделеу бірізділігінде білім алушылардың таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады.

Кредиттік оқыту технологиясында оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есепке алу кредиттермен өлшенетін берілген материалдар көлемі бойынша жүзеге асырылады.

Кредиттік оқыту технологиясы жинақтау болып табылады, білімнің барлық деңгейі бойынша бұрын игерілген кредиттерді есеп алу дегенді білдіреді.

4.2. Кредиттік оқыту жүйесімен байланысты негізгі түсініктер

Осы Анықтамалық-жол көрсеткіште келесі негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – демалыс күндерін көрсете отырып (каникул және мейрамдар) оқу жылы ішінде оқу мен бақылау іс-шараларын өткізу күнтізбесі;

2) академиялық кезең (Term) – жоғары оқу орнында үш нысанның бірінде таңдап алынған теориялық оқу мерзімі: семестр, триместр, тоқсан;

3) академиялық ұтқырлық – бұл өз ЖОО немесе басқа ЖОО оқуды жалғастыру үшін кредиттер түрінде игерілген білім бағдарламалары міндетті қайта сынақтан өткізуде белгілі бір академиялық мерзімде оқу немесе зерттеулер өткізу үшін білім алушылар немесе зерттеуші-мұғалімдерді ауыстыру: семестр немесе басқа жоғары оқу орнындағы оқу жылы (ел ішінде немесе шетелде);

4) академиялық еркіндік – білім алушыларды, оқытушыларды шығармашылық дамыту, инновациялық оқыту технологиялары мен әдістерін қолдану үшін жағдай жасау мақсатында білім қызметін ұйымдастыру және қосымша оқыту түрлерімен таңдау бойынша компонент пәндері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін оларға ұсынылатын білім процесі субъектісі уәкілеттілігінің жиынтығы;

5) білім алушының академиялық рейтингісі (Rating) – аралық аттестация (қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша құралатын білім алушының бағдарламалық материалды игеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

6) академиялық дәреже (Degree) – оған жоғары оқу орыны қорытынды мемлекеттік аттестация нәтижелері бойынша беретін жоғары кәсіби білім беру бағдарламасына сәйкес келетін білім алушының игеру деңгейі;

7) академиялық сағат – сабақтардың барлық түріне (аудиториялық жұмыс) арналған кесте бойынша немесе жеке бекітілген график бойынша білім алушының оқытушымен байланысып жұмыс істеу уақыты;

8) белсенді тарату материалдары (APM) (Hand-outs) – тақырыптарды

шығармашылық сәтті игеру үшін білім алушыларға дәлелдеу үшін сабақ процесінде таратылатын белсенді көрнекті иллюстрациялық материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, үлгілер, глоссарийлер, дербес жұмысқа берілетін тапсырмалар);

9) білім алушылардың қорытынды аттестациясы (Qualification Examination) – тиісті білім деңгейіне, соның нәтижелері бойынша білімі туралы құжат (диплом) берілетін, оның мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты немесе игеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім;

10) білім алушылардың аралық аттестациясы – білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу пәндерін аяқтағаннан кейін оқу пәнінің толық көлемін немесе бір бөлігін меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы мерзімінде жүргізілетін рәсім;

11) студенттің дербес жұмысы (СДЖ) — тесттер, бақылау жұмыстары, коллоквиумдер, рефераттар, бақылау жұмыстары, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын ұсыныстар және оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген дербес оқуға бағытталған белгілі бір тізім бойынша жұмыстар; білім алушының дәрежесіне байланысты студенттің өзіндік жұмысына бөлінеді (СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмысы (МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмысы (ДӨЖ); СДЖ-ның барлық көлемі білім алушының өзіндік жұмысты күнде орындауын талап ететін тапсырмалармен белгіленеді;

12) білім алушылардың оқу жетістіктері – тұлғаны дамытуда қол жеткен деңгейде көрінетін және оқу процесінде меңгерген білім алушылардың білімі, дағдылары мен құзыреттілігі;

13) білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау — жоғары оқу орны дербес анықтайтын аттестация мен әртүрлі түрдегі бақылау тапсырмалары негізінде (ағымдағы, аралық және қорытынды) білім алушылардың білім жетістіктерін тексеру;

14) білім алушылардың сабақ үлгерімін ағымдық бақылау – академиялық мерзім ішінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда оқытушы өткізген оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелік тексеру;

15) екі дипломды білім – екі диплом алу (Double Major) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу (Major – Minor) мақсатында екі оқу жоспары бойынша параллель білім алу мүмкіндігі;

16) Еуропалық трансферт жүйесі (ауысу) және кредиттер жинақтау (ECTS) – білім бағдарламасының компоненттері (пәндер, курстар, модульдер) сынақ бірліктерін (кредиттерді) игері тәсілі, соның көмегімен білім траекториялары, оқу мекемелері мен оқыған елдері ауысқан кезде білім алушылардың меңгерген оқу пәндерін (кредиттер мен бағаларды) салыстыру мен қайта тапсыру жүзеге асырылады;

17) жеке оқу жоспары – білім алушылардың жыл сайын типтік оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзер көмегімен дербес құрастыратын оқу жоспары;

18) кредит (Credit, Credit'hour) – білім алушының/оқытушының оқу

жоспарының көлемін өлшеудің бірыңғайланған бірлігі;

19) кредиттік оқыту технологиясы – білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғайланған бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып пәндерді зерделеу бірізділігін білім алушылардың таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде білім алуы;

20) қорытынды бақылау – аралық аттестация мерзімінде емтихан түрінде өткізілетін оқу пәндерінің бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау, егер пән бірнеше академиялық мерзім бойы оқылатын болса, онда қорытынды бақылау аталған академиялық мерзімде зерттелген пәндердің бөлігі бойынша жүргізілуі мүмкін;

21) аралық бақылау – бір оқу пәнінің тарауының аяқталуы бойынша білім алушының оқу жетістіктерін бағалау;

22) оқу пәндеріне жазылу ((Enrollment) – білім алушылардың оқу пәндеріне алдын ала жазылу рәсімі;

23) оқу жетістігін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін балда оқу жетістігінің деңгейін бағалау жүйесі;

24) Тіркеу бөлімі (бөлімі, сектор) –білім алушылардың оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды, оның академиялық рейтингісін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет;

25) оқытушы басшылығымен студенттің дербес жұмысы (әрі қарай - СОДЖ) - кестеде көрсетілген оқытушы басшылығымен білім алушылардың аудиториядан тыс жұмысы; білім алушылардың категориясына байланысты бөлінеді: оқытушы басшылығымен студенттің дербес жұмысы (әрі қарай – СОДЖ), оқытушы басшылығымен магистранттың дербес жұмысы (әрі қарай – МОДЖ), оқытушы басшылығымен докторанттың дербес жұмысы (әрі қарай – ДОДЖ);

26) орташа өту балы (Grade Point Average - GPA) – таңдап алынған бағдарлама бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейінің орташа өлшенген бағасы (оқытудың ағымдық мерзімі ішінде кредиттің жалпы санына пәндер бойынша қорытынды бақылау бағасының балын сандық баламада кредитті жүргізу жиынтығына қатынасы);

27) оқу жұмыс жоспары – білім алушылардың жеке оқу жоспары және мамандықтардың типтік оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдарының дербес әзірлеген құжат;

28) пәндер сипаттамасы (Course Description) - өзіне пәннің мақсаты, міндеттері мен мазмұнын енгізетін пәндердің қысқаша сипаттамасы (5-8 ұсыныстан тұрады);

29) пререквизиттер (Prerequisite) – зерделенетін пәндерді игеру үшін қажетті білімді, дағдылар мен ептіліктерді қамтитын пәндер;

30) постреквизиттер (Postrequisite) — аталған пәндер зерделеу барысында алынатын білімді, дағдылар мен ептіліктерді талап ететін пәндер;

31) пәндер бағдарламасы (Syllabus) – зерделенетін пәндердің сипаттамасын,

пәндердің мақсаттары мен міндеттерін, пәннің қысқаша мазмұны, тақырыбы және пәнді зерделеу ұзақтығы, дербес жұмыстың тапсырмасы, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талабын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлері мен әдебиеттер тізімін енгізетін оқу бағдарламасы;

32) транскрипт (Transcript) - әріптік және цифрлық көріністе кредиттер мен бағаларды көрсете отырып оқытудың тиісті мерзімі ішінде игерілген пәндер тізімін қамтитын құжат;

33) тьютор – нақты пәндерді меңгеру бойынша студентке академиялық кеңес беруші ролінде енетін оқытушы;

34) типтік оқу оқу жоспары - оқу пәндерінің көлемі және тізімін білімнің кәсіптік оқу бағдарламасына, оларды оқыту тәртібіне және бақылау түрлеріне регламенттеуші негізгі құжат;

35) эдвайзер (Advisor) – оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқыту мерзімі ішінде білім беру бағдарламасын меңгеруге көмек көрсететін және тиісті мамандық бойынша білім алушылардың академиялық жетекшісі қызметін атқаратын оқытушы;

36) элективті пәндер – белгіленген кредиттер шеңберінде таңдау бойынша компонентке енетін және білім беру ұйымдары енгізген, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, жоғары оқу орнында ғылыми мектеп қалыптастыратын, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі мен нақты өңір қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері.

4.3. Кредиттік оқыту жүйесі кезінде білім алушыларды оқудан шығару, қайта қабылдау және ауыстыру ерекшеліктері

1. Білім алушы өз оқуын жалғастыруды қаламаған жағдайда өз еркі бойынша шығып кетуге құқылы.

2. Білім алушы жоғары оқу орны Жарғысында, Ішкі тәртібі ережесінде қарастырылған міндеттерді бұзғаны үшін жоғары оқу орны әкімшілігі шығарып жіберуге дейінгі тәртіптік жазаны қолдануға құқылы.

3. Жоғары оқу орнынан шығарылған білім алушыларға белгіленген нысанда академиялық анықтама беріледі.

4. Қайта қабылдау рәсімі келесі түрде жүзеге асырылады:

а) білім алушы өз оқуын жалғастырғысы келетін жоғары оқу орны ректорының атына қайта қабылдау туралы өтініш береді. Өтінішке академиялық анықтама немесе ҚарМТУ-дан шығарылған студенттер үшін транскрипт ұсынылады;

б) факультет деканы ұсынылған құжаттар негізінде оқу курсы, оқу жоспарындағы айырмашылықты анықтайды;

в) факультет деканының, Тіркеу бөлімінің бұрыштамасы негізінде ақылы түрде көрсетілген айырмашылықты тапсыру мерзімін анықтайды. Қосымша оқу жазғы семестр мерзімінде, ағымдық академиялық мерзімде немесе қысқы демалыс уақытында ұйымдастырылуы мүмкін;

г) факультет деканының, Тіркеу бөлімінің басшысының, оқу ісі жөніндегі

проректордың бұрыштамасына сәйкес білім алушыны қайта қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

5. Білім алушыны бір жоғары оқу орнынан басқа жоғары оқу орнына ауыстыру рәсімі келесі түрде жүзеге асырылады:

а) білім алушы өзі оқитын жоғары оқу орны ректорының атына ауыстыру туралы өтініш береді және мөрмен басылған жазбаша келісімді ала отырып өзі ауысқысы келетін ҚарМТУ ректорына өтініш тапсырады; өтінішке жоғары оқу орны куәландырған транскрипт көшірмесі, мемлекеттік білім грантының иесі куәлігінің көшірмесі ұсынылады;

б) ҚарМТУ-дың тиісті факультет деканы оқу курсы мен оқу жоспарындағы айырмашылықты анықтайды;

в) факультет деканының, Тіркеу бөлімінің бұрыштамасы негізінде ақылы түрде көрсетілген айырмашылықты тапсыру мерзімін анықтайды;

г) факультет деканының, Тіркеу бөлімінің басшысының, оқу ісі жөніндегі проректордың бұрыштамасына сәйкес білім алушыға ауыстыру туралы бұйрық шығарады;

д) үш күнгі мерзім білім алушының өзі бұрын оқыған жоғары оқу орнына жеке ісі жөнінде сұратуға бағытталады;

е) студент өзі бұрын оқыған жоғары оқу орнының ректоры басқа оқу орнынан сұрау алғаннан кейін үш күн мерзім ішінде поштамен жеке ісін жіберу жөніндегі жауапкершілікте болады.

6. Білім алушының Университеттің ішінде оқудың бір түрінен басқасына, бір мамандықтан басқа мамандыққа ауысуы келесі рәсімдерге сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады:

а) білім алушы ҚарМТУ ректоры атына өтініш береді; өтінішке тиісті факультет деканы куәландырған транскрипт көшірмесі ұсынылады;

б) факультет деканы оқу курсы және оқу жоспарындағы айырмашылықты анықтайды;

в) факультет деканының бұрыштамасы негізінде Тіркеу бөлімі көрсетілген айырмашылықты тапсыру мерзімін анықтайды; күндізгі оқу түрінен сырттай оқу түріне ауысу кезінде көрсетілген айырмашылықты тапсыру мерзімі бір академиялық кезеңге белгіленуі мүмкін немесе білім алушыға күндізгі оқу түрінен білім алушыға көрсетілген айырмашылықты тапсыру құқығы берілуі мүмкін;

7. Факультет деканың, Тіркеу бөлімінің басшысы, оқу ісі жөніндегі проректордың бұрыштамасына сәйкес, жоғары оқу орнының ректоры білім алушыны оқудың бір түрінен басқасына немесе бір мамандықтан басқа мамандыққа ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

8. Білім алушыға академиялық демалыс беру тәртібі «Күндізгі оқу түріндегі білім ұйымдарында оқитындарға академиялық демалыс беру тәртібімен» регламенттеледі.

4.4. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесі

1. Кредиттік технологияны пайдалана отырып оқу процесін

ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- 1) білім көлемін бірыңғайландыру;
- 2) оқуды барынша жекелендіру үшін жағдай жасау;
- 3) білім алушылардың дербес жұмысының ролі мен тиімділігін күшейту;
- 4) білім алушылардың оларды бақылаудың тиімді рәсімі негізінде нақты оқу жетістіктерін анықтау.

2. Кредиттік оқыту технологиясы енгізеді:

- 1) әрбір пән бойынша білім алушылардың және оқытушылардың еңбек шығындарын бағалау үшін кредиттер жүйесін енгізу;
- 2) ЖОЖ құруға тікелей қатысуды қамтамасыз ететін КЭД енгізілген пәндерді білім алушыларды таңдау еркіндігі;
- 3) білім алушылардың оқытушыларды таңдау еркіндігі;
- 4) білім траекторияларын таңдауда білім алушыларға көмек көрсететін эдвайзерлерді оқу процесіне тарту;
- 5) интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;
- 6) білім бағдарламаларын меңгеруде білім алушылардың дербес жұмысын жандандыру;
- 7) оқу процесін ұйымдастыруда, білім бағдарламаларын қалыптастыруда факультет (бөлімшелер) және кафедралардың академиялық еркіндігі;
- 8) оқу процесін барлық қажетті оқу және әдістемелік материалдармен әрбір оқу пәні бойынша қамтамасыз ету;
- 9) білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;
- 10) әрбір оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

3. Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбелік негізде жүзеге асырылады, Ғылыми Кеңес шешімдері негізінде білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі.

4. Бір оқу жылы академиялық мерзімдерден, аралық аттестация мерзімдерінен, демалыстар мен практикалардан тұрады. Бітіруші курста оқу жылына қорытынды аттестация мерзімі енгізіледі.

Академиялық мерзім оның түріне байланысты ұзақтығы 15 апталық семестр, ұзақтығы 10 апталық триместр, ұзақтығы 8 апталық тоқсан түрінде болады.

Аралық аттестация мерзімі ұзақтығы кем дегенде 1 апта көлемінде болады.

Демалыс білім алушыларға әрбір академиялық мерзімнен кейін беріледі, бұл ретте оқу жылында демалыс уақытының ұзақтығы кем дегенде 7 аптаны құрайды.

5. Қосымша оқытуда қажеттіліктерді қанағаттандыру, оқу жоспарында академиялық қарыздарды немесе айырмашылықтарды жою, басқа жоғары орындарымен оқу пәндерін зерделеу бойынша келісу, өз жоғары оқу орнында кредитті міндетті қайта қарап, кредитті меңгеру үшін ұзақтығы 6 аптаға дейін бітіруші курстан басқа жазғы семестрді жүргізуге рұқсат етіледі.

6. Профессорлық-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау аудиториялық сабақтарға арналған кесте бойынша немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген кесте бойынша білім алушылардың

оқытушымен байланысты жұмысының уақытын білдіретін академиялық сағатта жүзеге асырылады.

Аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең. Студиялық және зертханалық сабақтар, дене тәрбиесінің сабақтары бойынша 1 академиялық сағат 75 минутқа сәйкес – студиялық сабақтар үшін немесе 100 минут - зертханалық сабақтар, дене тәрбиесінің сабақтары үшін тең.

Бір академиялық сағат білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының, практиканың барлық түрлері бойынша, білім алушылардың мемлекеттік қорытынды аттестациясы 50 минутқа тең.

4.5. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқытудың кредиттік жүйесі кезінде оқу процесі келесі түрде ұйымдастырылады:

➤ аудиториялық сабақтар: дәрістер, практикалық сабақтар (семинарлар, коллоквиумдар), зертханалық сабақтар, студиялық сабақтар;

➤ аудиториядан тыс сабақтар: оқытушы басшылығымен білім алушылардың дербес жұмыстары (СДЖ, СОДЖ), жеке консультациялар, интернет - сессиялар, бейне-конференциялар;

➤ оқу және кәсіптік практиканы жүргізу, диплом жобасын әзірлеу, диплом жобасын дайындау;

➤ білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау (сабақтарда сұрау, оқу пәндері бойынша тестілеу, бақылау жұмыстары, зертханалық жұмыстарды, курстық жұмыстарды, коллоквиумдар және т.б. қорғау);

➤ аралық аттестация/қорытынды бақылау (оқу пәндерінің тараулары бойынша тестілеу, емтихан, практикалар бойынша есеп беруді қорғау), қорытынды мемлекеттік аттестация (диплом жобасын (жұмысын) қорғау).

Оқу процесін ұйымдастыру үшін келесі құжаттама талап етіледі:

➤ академиялық күнтізбе;

➤ оқу жоспары;

➤ кесте;

➤ әдістемелік қамтамасыз ету.

4.6. Академиялық күнтізбе

Бір жылғы оқу шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады, оны Ғылыми Кеңес бекітеді (25.06.2015ж. № 8 хаттама).

Академиялық мерзім семестр болып табылады. Оқу жылы екі семестрден тұрады және олардың әрқайсысы 15 аптаны құрайды. Емтихан сессиясы 3 аптаға созылады. Жазғы семестрді жеделдетілген және қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарыздарды, сондай-ақ оқу бағдарламасындағы айырмашылықтарды жою үшін 6 аптаға дейінгі ұзақтыққа жүргізуге рұқсат беріледі.

4.7. Оқу жоспары

Кредиттік оқыту жүйесі оқу жоспарының үш түрі негізінде жүзеге асырылады: типтік оқу жоспары, оқу-жұмыс жоспары, жеке оқу жоспары.

Типтік оқу жоспары (ТОЖ) оқу пәндерін оқыту мазмұны мен еңбек сыйымдылығын қосымшада олардың қысқаша сипаттамасы бар тізіммен анықтайды. Типтік оқу жоспары базалық болып табылады және әрбір оқу пәндерінің тараулары бойынша міндетті компонент бойынша кредитті бөлуді белгілейді.

Оқу-жұмыс жоспары (ОЖЖ) оқытушылардың оқу жұмыстарының еңбек сыйымдылығын есептеу үшін негіз болып табылады, типтік оқу жоспарына сәйкес кафедрада құрастырылады және жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі шешімдерінің негізінде ректормен (оқу ісі жөніндегі проректормен) бекітіледі.

Оқу-жұмыс жоспары үш блоктан тұрады: жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер, бейінді пәндер. Блоктар өз кезегінде 2 компоненттен тұрады: міндетті пәндер және таңдау бойынша пәндер.

Таңдау бойынша оқитын пәндер элективтік пәндер каталогы ретінде рәсімделеді.

Оқу пәнінің көлемі кредитпен өлшенеді.

1 кредит (лекциялық, практикалық, семинарлық сабақтар) = (1 байланыс, ауд.сағ. + СДЖ 1 сағат + СОДЖ 1 сағат) x 15 апта (академиялық кезең) = 45 сағат.

Оқу-жұмыс оқу жоспарына сәйкес студенттің жеке оқу жоспары әзірленеді. Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) әрбір білім алушының білім траекториясын жеке анықтайды және студенттің өзімен академиялық жетекшісі, яғни эдвайзер көмегімен әрбір оқу жылына белгіленген нысан бойынша құрастырылады. Осы жоспарды екі данамен факультет деканы бекітеді: бірі – деканатта сақталады және білім алушының оқу жоспарын орындауын бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады, екіншісі – білім алушыға тапсырылады.

4.8. Тіркеу алгоритмі

Тіркеу Офисі (ТО) – студенттің оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын қызмет. ТО кредиттік оқыту жүйесі кезінде белгіленген кестеге сәйкес пәндерге студенттерді тіркеуді жүзеге асырады және олардың жеке оқу жоспарын жасайды. Жеке оқу жоспары жоғары курс студенттері үшін 1 тамызға дейін, 1 курс студенттері үшін 15 қыркүйекке дейін бекітілуі тиіс. Жеке оқу жоспарын бекіткеннен кейін оқу жылы ішінде өзгерістерге жол берілмейді.

Барлық жеке оқу жоспарлары тіркеушіге тапсырылады. Тіркеуші студенттерден алынған жеке оқу жоспарларын талдайды және топтарды жинақтайды, студенттердің таңдап алған пәндерінің табыстылығын анықтайды. Әрбір студент оқу жылы басында барлық оқытылатын пәндер, дербес жұмыстардың материалдары, практика бағдарламалары бойынша студенттерге арналған оқу-әдістемелік кешенін алады.

Тіркеу алгоритмі енгізеді:

- эдвайзерді анықтау;
- элективтік пәндердің тұсаукесеріне қатысу;
- эдвайзердің ақыл-кеңесі (элективтік пәндерді талқылау);
- таңдап алынған пәндерден бас тарту жағдайымен танысу;
- міндетті және элективтік пәндерді көрсете отырып тіркеу түрлерін толтыру;
- пәндерді тіркеу туралы келісімді растау.

4.9. Кесте

Жеке оқу жоспарларының негізінде оқу сабақтарының кестесі жасалады және кестені академиялық кезең басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей оқу ісі жөніндегі проректор бекітеді.

Кесте байланыс сағаты бойынша құрастырылады. Сабақтың басталуы сағат 9.00-де.

Студенттердің дербес жұмысы оқытушы басшылығымен (СОДЖ) (Office Hours) кестеге сағатын көрсете отырып енгізеді.

Кестеге аудиториялық сағаттар (байланыс) және СОДЖ сағаттары қойылады.

4.10. Әдістемелік қамтамасыз ету

Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету қызмет көрсетуші мен шығарушы кафедралардың күшімен жүзеге асырылады, олар студенттерге мыналарды ұсынады:

- оқу жоспарындағы әрбір пәндер бойынша аудиториялық жұмыстарға арналған материалдар, соның ішінде дәріс тезистері, семинарлық сабақтардың жоспарлары және т.б.;

- студенттердің дербес жұмыстарына арналған материалдар, соның ішінде әрбір пәндер бойынша өздігінен бақылау материалдары, жаттықтыру тестілері, бақылау тапсырмалары, әрбір пәндер бойынша емтихан сұрақтары;

- практиканы өткізуге арналған материалдар, соның ішінде барлық түрлері бойынша практика жоспарлары және бағдарламалар, есеп беру құжаттамасының түрлері.

5. Білім сапасын бақылау жүйесін ұйымдастыру

5.1. Рейтинг

Рейтинг – бұл студент қызметінің балдармен белгіленетін бағасы. Оқу процесінде рейтинг жүйесін дұрыс қолдану студенттің білімін, дағдысын және жүйелік еңбегін бақылау объективтілігін арттыруға мүмкіндік тудырады және ол алынған білім беріктігінің кепілі болып табылады.

Рейтинг студенттің оқу жылы ішінде жұмыстардың әртүрлі түрлеріне

қатысқаны үшін алынған балл жиынтығын анықтайтын оқудың қорытынды сапасы ретінде енгізіледі.

Студент білімін үздіксіз рейтингтік бақылау өзара байланысқан бақылаудың үш түрін құрастырады: ағымдық, аралық және қорытынды. Студент бақылаудың әрбір түрі үшін белгілі бір балл алу керек, олардың жиынтығы (жиынтық рейтинг) қорытынды бағаны қалыптастырады.

Студент білімін бағалауды есептеу әдістемесі жалпы балда ескерілетін аудиториялық сабақтар және СДЖ игеруі бойынша студенттердің еңбек шығындарын енгізеді. Пәндер бойынша кредиттерді бөлу жұмыс бағдарламасында көрсетіледі және деканатпен бақыланады.

Бакалавриаттағы бір кредит аптасына жалпы оқу жүктемесінің 45 сағатына тең, олардың 15-і-аудиториялық (байланыс сағаты), 15-і – оқытушы басшылығымен студенттердің дербес жұмысы, 15 сағатты студент дербес игеруі тиіс және белгілі бір уақыт ішінде оқытушыға тапсыруы тиіс. Әрбір студент білім беру бағдарламасының міндетті компонентін толықтай игеруі тиіс және таңдау бойынша компоненттен кредиттің белгілі бір санын алуы тиіс.

5.2. Пәндер бойынша қорытынды баға алу

5.2.1. Емтиханы бар пән бойынша қорытынды баға мына формула негізінде есептеледі:

$$I = \frac{A_1 + A_2}{2} 0,6 + Э \times 0,4, \quad (1)$$

мұнда A_1 , A_2 – бірінші және екінші аралық бақылау бағалары (аттестациялар);

$Э$ – емтихан бағасы;

0,6; 0,4 – аттестация мен емтиханның салмақтық коэффициенттері.

5.2.2. Емтиханы және курстық жобасы (жұмысы) бар пән бойынша GPA есептеу үшін қорытынды баға орташа ретінде саналады

$$I_c = \frac{I + I_k}{2}. \quad (2)$$

5.2.3. Сырттай оқу түріндегі студенттерге емтиханы бар пән бойынша қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі:

$$I = A_2 \times 0,6 + Э \times 0,4, \quad (3)$$

мұнда A_2 – аралық бақылау бағасы, емтихан басталғанға дейін қойылады және емтихан, соның ішінде электрондық ведомостқа енгізіледі.

$Э$ – емтихан бағасы;

0,6; 0,4 – аралық бақылау және емтиханның салмақтық коэффициенттері.

5.2.4. Сырттай оқу түріндегі студенттерге курстық жоба (жұмыс) және емтихан қарастырылған пән бойынша қорытынды баға 2 формулаға сәйкес орташа ретінде саналады.

Дәріс оқушы пәндердің тарауларын оқыту бойынша студенттердің аудиториялық және дербес жұмыстарының қорытындысын шығару үшін рейтингтік (аралық) бағалар қояды, ол бағалар:

- сабаққа белсене қатысқаны және сабақта толық жауап бергені үшін (дәріс, зертханалық, практикалық);
- бақылау, есептеу-графикалық жұмыстарды, курстық жобаларды орындағаны үшін;
- үй тапсырмаларын және зертханалық жұмыстарды орындағаны үшін;
- семинарлар мен коллоквиумдарға белсене қатысқаны үшін және баяндамалар жасағаны үшін алынған балдардан құралады.

Балдарды бөлу оқытушының өзінің жұмыс бағдарламасымен, оның тәжірибесі мен оқу міндеттеріне байланысты анықталады.

Оқу курсының аяқталуы бойынша емтихан түріндегі аралық аттестаттау (қорытынды бақылау) жүргізіледі.

Барлық мамандықтар бойынша Қазақстан тарихы бойынша емтиханның Мемлекеттік емтихан мәртебесі болады.

Бақылаудың барлық түрлері, ағымдық және аралық, аралық аттестация, тестілеу немесе жазбаша жұмыстар бойынша жүргізіледі. Бақылаудың барлық түрлерін, аралық және қорытынды аттестацияны бағалау әріптік және сандық белгілер шкалалары бойынша орындалады, 1-кесте.

1-кесте

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Әріптік бағалаудың сандық баламасы	Меңгерілген білімнің проценттік мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

5.3. Студенттің орташа балы (GPA)

Студенттің оқу жылы ішіндегі және жазғы семестрді қоса алғандағы сабақ

үлгерімінің нәтижелері бойынша оны келесі курсқа ауыстыру үшін орташа балл есептеледі (GPA).

Өту балы **GPA (Grade Point Average)** – таңдап алынған бағдарлама бойынша студент жетістіктерінің деңгейін орташа өлшеген бағасы (оқытудың ағымдық мерзімі ішінде кредиттің жалпы санына пәндер бойынша қорытынды бақылау бағасының балын сандық баламада кредитті жүргізу жиынтығына қатынасы) мамандықтар, курс және оқудың барлық түріндегі студенттер үшін Университеттің Ғылыми Кеңесі жыл сайын белгілейді және мына формула бойынша есептеледі:

$$GPA = \frac{I_1 \cdot K_1 + I_{K2} \cdot K_2 + I_{C3} \cdot K_3 + \dots + I_n \cdot K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n}, \quad (4)$$

мұнда I_1 – емтихан қарастырылған пәндер бойынша қорытынды баға;

I_{K2} – тек курстық жоба (жұмыс) қарастырылған пәндер бойынша қорытынды баға;

I_{C3} – емтихан және курстық жоба (жұмыс) қарастырылған пәндер бойынша қорытынды баға.

$K_1 \dots K_n$ – оқу жылы бойы оқытылған пәндер және практиканың көлемі;

n - оқу жылы бойы оқытылған пәндер және практиканың саны.

Дене тәрбиесі жөніндегі дифференциалды сынақ және әскери дайындық жөніндегі баға GPA есептеуіне енбейді.

Барлық академиялық қарыздар GPA есептеу кезінде нөлмен есепке алынады ($I_{ц}=0$).

Аралық аттестация қорытындысы бойынша мемлекеттік білім гранты бойынша оқитындарға стипендия алу үшін барлық емтиханды «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларына тапсыру ұсынылады.

Студент оқыту процесі кезінде GPA өту балын кем алған жағдайда Университет бұйрығы бойынша оқуды үзуге және қайталап оқыту курсына (ақылы негізде) жазғы семестрде пәндерді оқу құқығынсыз қалады. Аталған студент жеке оқу жоспарын жасауға немесе бұрын орындалған жоспарды толықтыруға құқылы. Оқу құны жоспардағы қайталап оқыту курсының кредит санымен анықталады.

Қайталап оқыту курсына қалдырылған мемлекеттік білім гранты бойынша оқығандар бұдан әрі қарай оқу кезеңінде мемлекеттік білім грантынан айырылады және оқуды ақылы негізде жалғастыра алады.

Студент оқуының қорытынды кезеңі бітірушінің кәсіби жағдайын анықтау мақсатында жүргізілген мемлекеттік қорытынды аттестация болып табылады.

Қорытынды аттестация мамандықтың академиялық күнтізбесінде қарастырылған мерзімде жүргізіледі. Білім алушылар мамандықтар бойынша мемлекеттік емтихан тапсыруға және диплом жобасын немесе диплом жұмысын қорғауға міндетті.

Бітіруші қорытынды аттестацияның нәтижелері бойынша жоғарғы білім туралы диплом және транскрипт (қосымшасы) алады, онда оқу жоспарына

сәйкес оқылған пәндер бағасымен және кредит саны көрсетілген тізім қамтылған.

Жоғары оқу орнын оқу мерзімі ішінде барлық емтихандарды «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларға тапсырып және «А» немесе «А-» деген бағалар 75%-дан кем болмаған жағдайда, сондай-ақ бітіру жұмысын қорғаған және мемлекеттік емтиханды «А» немесе «А-» деген бағаларға тапсырған бітірушіге үздік диплом беріледі.

5.4. Бағалар критерийі

«А» бағасы (өте жақсы) егер студент семестр ішінде пәндердің барлық бағдарламалық сұрақтары бойынша, сондай-ақ дербес жұмыстардың тақырыптары бойынша үздік білімін көрсетсе, аралық тапсырмаларды жүйелі түрде тапсырса, оқылатын пәннің негізгі бағдарламасы бойынша теориялық және қолданбалы мәселелерде, сондай-ақ бағдарламадан тыс мәселелер бойынша дербестік көрсете білген жағдайда ғана қойылады.

«А-» бағасы (өте жақсы) негізгі заңдар мен процестерді, ұғымдарды үздік білуі, пәндердің теориялық мәселелерін қорытындылауға деген қабілеттілігі, аудитория бойынша аралық тапсырмаларды және дербес жұмыстарды тұрақты тапсырған кезде қойылады.

«В+» бағасы (жақсы) егер студент пәндердің барлық сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білім көрсеткен жағдайда, семестр тапсырмаларын негізінен «өте жақсы» және кейбіреулерін «жақсы» деген бағаларға жиі тапсырған жағдайда қойылады.

«В» бағасы (жақсы) егер студент пәндердің нақты тақырыптарының негізгі мазмұнын ашатын сұрақтар бойынша жақсы білім көрсетсе, сондай-ақ дербес жұмыстардың тақырыптарын, семестр тапсырмаларын «өте жақсы» және «жақсы» деген бағаларға тұрақты тапсырған жағдайда қойылады.

«В-» бағасы (жақсы) студентке, егер ол аудиториялық, СДЖ тақырыптары сияқты пәндердің теориялық және қолданбалы мәселелерінде жақсы бағдарланса, бірақ семестрде аралық тапсырмаларды тұрақты тапсырмаған кезде немесе пәндер бойынша семестр тапсырмаларын қайта тапсырған жағдайда қойылады.

«С+» бағасы (қанағаттанарлық) студентке, егер ол аудиториялық сабақтар және СДЖ барлық түрлері бойынша түсінікті сипаттағы сұрақтарды меңгерген, пәндердің жекелеген модульдерінің мазмұнын аша алуы мүмкін, семестр тапсырмаларын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деген бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«С» бағасы (қанағаттанарлық) студентке, егер ол аудиториялық сабақтар және СДЖ барлық түрлері бойынша түсінікті сипаттағы сұрақтарды меңгерген, пәндердің жекелеген модульдерінің мазмұнын аша алуы мүмкін, семестр тапсырмаларын «қанағаттанарлық» деген бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«С-» бағасы (қанағаттанарлық) студентке, егер ол семестр бойы семестр тапсырмаларын тұрақты тапсырған жағдайда, бірақ аудиториялық сабақтар

және СДЖ сұрақтары бойынша тек жалпы ұғымдарды меңгерген және тек жекелеген заңдылықтарды түсіндіре алуы мүмкін және оларды түсінуі нақты тақырыптар шеңберінде ғана болатын жағдайда қойылады.

«D+» бағасы (қанағаттанарлық) студентке, егер ол семестр тапсырмаларын тұрақты тапсырмаса, аудиториялық сабақтар және СДЖ сұрақтары бойынша тек жалпы ұғымдарды меңгерген және тек жекелеген заңдылықтарды түсіндіре алуы мүмкін және оларды түсінуі нақты тақырыптар шеңберінде ғана болатын жағдайда қойылады.

«D» бағасы (қанағаттанарлық) студентке, егер ол семестр тапсырмаларын тұрақты тапсырмаса, аудиториялық сабақтар және СДЖ сұрақтары бойынша білімі аз көлемде, сондай-ақ сабақтарды жиі жіберген жағдайда қойылады.

"F" бағасы (қанағаттанарлықсыз) студентке, егер ол пәндер бойынша аудиториялық сабақтар және СДЖ минимум теориялық және практикалық материалдарын меңгермеген жағдайда, сабаққа жиі қатыспаған және дер кезінде семестр тапсырмаларын тапсырмаған жағдайда қойылады.

6. Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру

ҚарМТУ-да өте жақсы жабдықталған спорт кешені орналасқан, онда спорт клубы жанында келесі секциялар жұмыс істейді: волейбол, баскетбол, мини-футбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, күрес, жеңіл атлетика, туризм, пауэрлифтинг, қоян-қолтық күрес, теннис.



Сондай-ақ университеттің Жастар орталығы жанында мынадай студенттік үйірмелер бар: вокал, домбыра ансамблі, «Айналайын» ансамблі, мерекелік билер, пікір-сайыс клубы, сән театры, студенттік театр.

Студенттік өмір турасындағы барлық сұрақтар бойынша Жастар саясаты департементіне және «Жас Орда» студенттер кәсіподағына жүгінсеңіздер

болады, 6 корпус, 310 каб., тел. 56-51-89, ішкі тел. 1042.

